



Батыс философиясының жаңа тарихы





«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарық көрген аса құнды еңбектердің бірі «Батыс философиясының жаңа тарихы» атты 4 томдық оқу құралы.

«Батыс философиясының жаңа тарихы» оқулығының авторы Оксфорд университетінің вице-канцлері, Британ академиясының президенті болған Сэр Энтони Джон Патрик Кенни.

Энтони Кеннидің 4 томдық жинағы батыс философиялық ойының барлық даму кезеңдерін қамтиды.

Топтама «Антика философиясы», «Орта ғасыр философиясы», «Қазіргі заман философиясының бастауы» және «Қазіргі заман философиясы» атты бөліктерден тұрады. Кітап студенттермен қатар, философия тарихын жаңа қырынан танығысы келетін барлық оқырман қауымға арналған.

Төрт бөлімнен тұратын оқулық философия ілімінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі дамуын толық қамтиды:

Бірінші томда философияның ежелгі бастауынан бастап, 387 жылғы Әулие Аугустинге дейінгі кезең қамтылады;

Екінші томда Аугустиннен бастап 1512 жылғы Латеран соборына дейінгі аралықтағы тарих қарастырылады;

Үшінші том XVI ғасыр философтарының идеяларын талқылаудан басталып, 1831 жылы Гегельдің қайтыс болуымен аяқталады.

Төртінші, соңғы том сол XIX ғасырдың орта шенінен екінші мыңжылдыққа дейінгі аралықтағы ой дамуын баян етеді.



«Антика философиясы» – батыс өркениетінің түп-тамырын түсінгісі келетін оқырман қауымға арналған 4 томдық оқулықтың 1 томы.


Бұл том алғаш 2007 жылы жарық көріп, кейін бірнеше рет толықтырылып, қайта басылып шыққан, ал біздің қолымыздағы 408 беттен тұратын оқулық 2018 жылғы шығарылым. Бұл оқулықты Оксфорд, Колумбия, Стенфорд, Гарвард және т.б. әлемнің жетекші университеттері философия саласындағы негізгі оқу құралы ретінде пайдаланады.

Ежелгі Жерорта теңізі маңындағы философияның пайда болуы мен өркендеуі, ойлау мен пайымдаудың өрісі жөніндегі бұл тарихи баян Батыстағы ой мен қоғам дамуының бағыт-бағдарына арналған.

Энтони Кеннидің бұл кітабындағы әңгіме өзегі Пифагор мен Фалестен басталып, философия алауын христиан засырына табыстаған қасиетті Аугустинмен аяқталады. Тарихи баянның тақырыптық арқауы екі үлкен тұлға – Платон мен Аристотельге негізделген.

Жалпы антикалық философия алғашқы қауымдық құрылыстың орнына құл иеленушілік құрылыс келген дәуірде өмірге келген ғылым. Ежелгі философтар табиғатты, сыртқы дүниені тануға, түсіндіруге ұмтылды. Сондықтан оларды "физиктер" деп атаған. Олар "әлем қарай жаратылды?", "бірінші не пайда болды?" деген сынды сұрақтар төңірегінде ізденіп, өз жауаптарын, пікірлерін алға тартқан.


Автор кітаптың алғашқы беттерінде ұлы даналардың бір-біріне деген көзқарастары туралы сөз қозғай келе Жерорта теңізі аумағындағы философия ғылымының пайда болып, өркендеу кезеңіне анықтама беріп өтеді және сол аралықтарда өмір сүрген ұлы философтардың еңбектері арқылы сол қоғамның қандай екенін байқауға ұмтылған және сол замандардағы ғылым мен қоғамның қатынасында, жалпы адамзат баласының көзқарасында болған өзгерістерді анықтағысы келген.



Антикалық философия өзінің даму тарихында 3 кезеңнен өтті:


- ▶ *1. "Сократқа дейінгі кезеңдік философия (б.д.д. 7-6 з.з.), бұл кезеңде натурфилософиялық көзқарас басым болды. Милет, Элей, Пифогоршылдар, Софистер мектебінің қалыптасуымен қатар, атомдық көзқарастың негізі қаланады.*
- ▶ *2. Классикалық кезең (б.д.д. 4з.), бұл кезеңде Платон мен Аристотель философиялық еңбектерімен ерекшеленеді.*
- ▶ *3. Римдік-эллиндік кезең (б.д.д 3з. соңы мен б.д. 3з. басы), стоиктер, скептиктер және эпикуриштік мектептер басымдылық танытқан кезең.*

Классикалық философия



Платон - (б.з.б. 427-347 жылдары өмір сүрген) Философия тарихында Платонның қалыптасуы, көбінесе оның ұстазы Сократтың есімімен тығыз байланыстырады.

Оның үстіне Платонның көптеген шығарма сұхбаттарының негізгі кейіпкері — Сократ. Платонның еңбектері: «Мемлекет», «Театет», «Федон», т.б. Сезімнен тұратын шындықты Платон нақты шындық емес, ол тек өмірдің көлеңкесі, шын өмір идеяда деп түсіндірді. Идея деген ұғымды алғаш философияға енгізген де — сол. Платон жастарды философиямен айналысуға шақырды. Философ болу үшін, таңдана білу керек, — дейді.



Аристотель - (б.з.б. 384-322 ж.ж.) ежелгі грек философы, Платонның шәкірті, Ескендір Зұлқарнайынның ұстазы, «адамзаттың бірінші ұстазы» деген құрметті атаққа ие.

Аристотель ғылымның көптеген саласының алғашқы негізін қалады, олардың арасынан физика, метафизика, поэтика, театр, музыка, логика, риторика (шешендік өнер), саясат, этика, эстетика, биология, зоология және экономиканы ерекше атап өтуге болады. Ол қалдырған пәлсапалық пайым жүйесі мен ғылыми зерттеу дәстүрі кейінгі мұсылмандық және христиандық мәдениетке, шығыс-батыс өркениетіне айрықша ықпал етті.

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ. Бастау: Пифагордан Платонға дейін...

II ТАРАУ. Ой мектептері: Аристотельден Аугустинге дейін ...

III ТАРАУ. Пікірталас өнері: Аогика...

IV ТАРАУ. Білім және оның шегі: Эпистемология ...

V ТАРАУ. Бәрі қалай болады: Физика...

VI ТАРАУ. Метафизика дегеніміз не?...

VII ТАРАУ. Жан мен сана...

VIII ТАРАУ. Қалай өмір сүру қажет: Этика...

IX ТАРАУ. Құдай...

Сэр Энтони Кенни Батыс философиясының жаңа тарихы жөніндегі еңбегін б.д.д. 400 жылдан, яғни христиандық және исламдық ой-сананың негізін салушылардан бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі аралықты қамтитын кезеңді баяндау арқылы жалғастырады. Орта ғасыр – философияның гүлдену кезеңі. Ақыл-ойдың кемелденуі XIII және XIV ғасырда Акуинолық Томас пен Джон Дунс Скот сынды тұлғалардың арқасында шарықтау шегіне жетті. Осы дәуірді қамтитын жинақтың екінші томы «Орта ғасыр философиясы» деп аталады.


Көпшілік оқырманға арналғанмен Кеннидің ұлы философтардың ойларын терең талдайтын әңгімелері, ең алдымен, Батыс философиясына ден қойып жүрген студенттерге қызық болмақ.

Бұл томда әулие Аугустиннің христиан дінін қабылдағанынан бастап, гуманистік Ренесансқа дейінгі философия тарихын баяндайды және философия тарихындағы аттары елеусіз қалған орта ғасырлық ойшылдардың философиялық ілімдерін оқырмандармен кеңірек таныстыруды көздейді.

Бұл кітапта дүниенің жаратушысы құдай деген пікір христиандық онтологияның басты идеясы болды дейді. Баршаның және барлық әлемнің анықтаушы субстанциясы ретіндегі «құдірет» әлем жаратушы абсолют болып есептелінді. Дін дүниені біртұтас қабылдаудың тәсілі ретінде қарастырылды. Сондықтан болар, орта ғасыр философиясы «жасаушының» философиясы болып қалыптасады.

Автор дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің дамуына салмақты үлес қосқан ортағасырлық шығыс ойшылдары философиясына тоқтала келе, әлемге танымал болған әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали, Ибн Рушд, Абу Райхан Беруни және т.б. өздерінің ілімдерінде антикалық, ортағасырлық білімді терең түсініп, тіпті шығармашылық деңгейге көтеріп көп еңбектер жазғаны туралы сөз қозғайды.

Мысалы, әл-Фараби өмір сүрген заманда, ол бірінші болып философия мен саясатты, өнер мен білімді берік ұштастырды. Ибн Сина, әл-Кинди т.б. философияны тек қана жоғарғы метофизикалық білім емес, олар діни адамгершілік сипаттағы (ағартушылық) білім алу барысында адам жанын құтқару (сақтау) үшін қажет рухани деп есептеді.



МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ. Философия және діни сенім...

II ТАРАУ. Схоластар: XII ғасыр схоластарынан Ренесансқа дейін ...

III ТАРАУ. Логика және тіл...

IV ТАРАУ. Білім...

V ТАРАУ. Физика...

VI ТАРАУ. Метафизика...

VII ТАРАУ. Сана мен жан...

VIII ТАРАУ. Этика ...

IX ТАРАУ. Құдай...

Көне философиядан алып мұра қалған, бірақ олардың басым бөлігі орыс немесе өзге тілдерде сақталған, сол себепті студенттердің оны толық оқып-үйренуіне мүмкіндік болмады. Ал, қазақ тіліне аударылған кітаптардың көмегімен студенттер адам ойының эволюциясына және философиялық ойлардың дамуына қысқа да нұсқа шолу жасауға мүмкіндік алады.

Оқулық дегеніміз – ұлттың санасын қалыптастыратын дүние. Әлемнің озық деген оқулықтарын қазақ тіліне аударып, оқытып, білім мен ғылым саласындағы озық ойларды жастардың санасына құю арқылы, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тең ойлай алатын, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыруға болады.





*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*

